

БАЛТАБАЕВА Ж.,
Абай атындағы
ҚазҰПУ-дың доценті

Қ.ЖҰБАНОВ ОҚУЛЫҒЫНЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қазақтың филологтардан тұңғыш шыққан профессоры, үлкен ағартушы-педагог Қ.Жұбановтың «Қазақ тілінің грамматикасы» атты оқулығы жөнінде заңғар жазушы М.Әуезов өз кезінде мынадай баға берген еді: «Құдайбергеннің ерекше атай кетуді қажет ететін еңбегі – «Қазақ тілінің грамматикасы» (1-бөлім, жалпы морфология, 74 бет, 1936 жыл, қазақ орта мектебінің 5-класына арналған). Автор мұнда сөздердің құрылымына және қазақ тіліндегі құбылыстарға байланысты негізгі мәселелерді жүйелі түрде мазмұндап шыққан. Айқын да нәрлі, стилистикалық жағынан орамды қазақтың әдеби тілімен жазылған бұл еңбек қазақ тілі жөнінде оқулық жазатын көптеген авторлар үшін тамаша үлгі болады» [1,358-б.]

Тілші-ғалым М.Балақаев Құдайберген Жұбановтың оқулық жазу ісіне үлкен жауапкершілікпен қарағанын «Онымен бір кездескенімде:

«Оқулық – жүрдім-бардымның жұмысы емес, өте жауапты жұмыс. Қазіргі ғылымымыздың түп қазығы сол оқулық болу керек. Оның ғылыми назарын жастар жақсы білу үшін тіліміздің қалыптасқан заңдылықтарын айқындап алуға тиіспіз. Оларды жақсы білмей, жақсы оқулық жазу мүмкін емес», - деген еді, - деп еске алады. Осылайша, өзіне де, өзгеге де талап қоя білген ғұлама ғалым оқулығы күні бүгінге дейін кейінгі ұрпаққа үлгі-өнеге болып келеді.

Ғылыми грамматиканың бастамасы болған бұл оқулық мектеп мұғаліміне де, оқушыға да, зерттеушіге де түсінікті стильмен жазылуы – оның ең басты ерекшелігі. Алғашқы тарауды автор «Грамматика нендей ғылым?» деп атап, оны өз ішінде тақырыптарға бөліп түсіндірген. Онда алдымен «Сөз ауызекі де сөйленеді, қағазға да жазылады. Жазылған сөз түгел бір кітап болуы да, бір ғана әріп болуы да мүмкін...Осылардың бәрі де сөз бөлшектері болады», - дей келіп, одан әрі сөз бөлшектерінің құралуын «Сөз бөлшектерінің жасалуы үйдің салынуы сияқты... Қиынын тауып қаламасаң, байлауын тауып ұстатпасаң, сөз бөлшектері де сөгіліп кетеді, Онда сөгіліп кеткен сөз не тіпті сөз болмай шығады да, немесе, адамға арнап салған үйдің құстың күркесі болып шыққанындай, керекті сөзің болмай, басқа бір сөз болып шығады», - [2,135] деп оқушыға ұғынықты тілмен баяндаған. Одан әрі ғалым осы сөз бөлшектерінің «бәрі де – шикізат емес, бұйым. Өйткені бәрі де – ірісі де, уағы да сол күйінде-ақ сөздің бір керегіне жарарлық болып жасалады », - дей келіп, сөз бұйымын дұрыс жасап шығу үшін де оның жасалу жолын, материалының сыр-сыпатын білу керектігіне үлкен мән берген. Осы ретте ғалым жазба тіл мен ауызекі сөйлеудің айырмашылығына да көңіл бөлген. Ғалым «сөзді дұрыс